

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Курс тиімділігі» зерттеу нәтижелері жөнінде

«Курс тиімділігі» сауалнамасы жедел түрде студенттердің 2-ші аралық бақылау аралығында жүргізілді. (сәуір 2022ж.).

Сауалнама мақсаты: оқып жатқан курстарды студенттердің көзқарасы бойынша тиімділігін анықтау.

1202 курстың тиімділіктері бойынша сауалнама талданды. Сауалнамаға барлық білім деңгейлерінің 161 білім беру бағдарламаларындағы 8075 респондент қатысты (бакалавриат – 100, магистратура – 55, докторантура – 6 бағдарлама).

1-ші кестеде респонденттерге ұсынылған мәлімдемелер және курстың тиімділігі талданған критерийлер берілген.

Кесте 1

№	Курс тиімділігінің критерийі	Шағым тұжырымы
1.	Болашақ кәсіби қызметі үшін өзектілігі	Курстың мазмұны болашақ мамандыққа өзекті және құнды болып табылады
2.	Курстың ақпараттылығы	Курс жаңа білімді меңгеруге ықпал етеді
3.	Курстың кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырудағы маңызы	Курс кәсіби құзыреттіліктерді (білім, мамандық бойынша дағдыларды) меңгеруге ықпал етеді
4.	Курстың дүниетанымын қалыптастыру, интеллектуалдық дамуы үшін маңызы	Курс ой өріс және дүниетанымды кеңейтіп, дамытуға ықпал етеді
5.	Тәжірибелік құндылық, ұтқырлық пен дағдылары	Алынған білімді стандартты және стандартты емес жағдайларда есептерді шешуде қолдануға болады

Респонденттер курстың тиімділігін 5 ұпайлық жүйе бойынша бағалады:

5 ұпай – жоғары деңгей

4 ұпай – орташадан жоғары деңгей

3 ұпай – орташа деңгей

2 ұпай – орташадан төмен деңгей

1 ұпай – төмен деңгей

Әрбір критерий бойынша барлық оқытылған курстарға студенттер берген орташа тиімділік рейтингі – 4,4 ұпайды құрады.

2-ші кестеде әрбір критерий контексті бойынша курстың тиімділігін бағалау нәтижелері берілген:

Кесте 2

№	Критерий	% баға алған курстар				
		5	4	3	2	1
1.	Болашақ кәсіби қызметі үшін өзектілігі	55,2%	31,7%	8,5%	4,2%	0,4%
2.	Курстың ақпараттылығы	54,9%	31,9%	8,5%	4,1%	0,6%
3.	Курстың кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырудағы маңызы	54,4%	31,9%	8,7%	4,4%	0,6%
4.	Курстың дүниетанымын қалыптастыру, интеллектуалдық дамуы үшін маңызы	55,6%	31,8%	8,0%	4,1%	0,5%
5.	Тәжірибелік құндылық, ұтқырлық пен дағдылары	54,5%	32,0%	8,4%	4,5%	0,6%
	Жалпы:	54,9%	31,9%	8,4%	4,2%	0,6%

Курстың тиімділігін бағалаған студенттердің үлесі «4» және «5» **86,8%**, орташа деңгей– **8,4%**, «1» және «2» – **4,8%**-ы құрады. Алынған орташа ұпайды таңдалған

топтардың әрқайсысы үшін курстардың тиімділігін бағалауды салыстыру мақсатында пайдаландық.

Талдау келесі топтар бойынша жүргізілді:

- №1 топ - жалпы модульдің пәндері (ЖБП циклі);
- №2 топ - мамандық бойынша және 5 респонденттен асатын талдау мамандықтарының (НП және БП циклдері) модуль пәндері;
- №3 топ - мамандық бойынша және 5 респонденттен аспайтын талдау мамандықтарының (НП және БП циклдері) модуль пәндері.

Әрбір іріктеу тобы үшін сауалнама нәтижелерінің талдауы.

№1 топтағы пәндердің талдау нәтижелері (ЖБП циклі).

Пән саны - 10.

Орташа баға- 4,3 ұпай.

Критерийлердің орташа ұпай ауқымы: 4,2-ден 4,3-ке дейін.

Пәндерді орташадан жоғары бағалаған респонденттердің үлесі **83,1%** (бұл университеттің орташа көрсеткішінен 3,7%-ға төмен), орташа деңгей – **10,5%**, орташадан төмен деңгей – **11,9%** ЖБП циклін оқығандар санынан (орташадан 7,1%-ға жоғары).

№2 топтағы пәндердің талдау нәтижелері (НП және БП циклдері 5-тен аса респондент санымен)

Пән саны– 1092.

Орташа баға – 4,4 ұпай.

Критерийлердің орташа ұпай ауқымы: 4,4-тен 4,5-ке дейін.

Пәндерді орташа деңгейден жоғары бағалаған респонденттердің үлесі **88%**, студенттердің **7,7%**-ы осы топтағы курстардың тиімділігін орташа деңгейге жатқызып, орташадан төмен деңгей **4,3%**-ы құрады. Бұл нәтижелер әдетте университеттің орташа көрсеткіштерімен сәйкес келеді.

№3 топтағы пәндердің талдау нәтижелері (НП және БП циклдері 5-тен төмен респондент санымен).

Пән саны – 554.

Орташа баға – 4,5 ұпай.

Критерийлердің орташа ұпай ауқымы: 4,4-тен 4,5-ға дейін

Осы топтағы респонденттердің жалпы санынан курсты «5» және «4» бағаға бағалаған респонденттер саны **87,7%**-ды, орташа деңгей **7,9%**, орташадан төмен деңгей – **4,4%**- құрады. Бұл нәтижелер әдетте университеттің орташа көрсеткіштерімен сәйкес келеді.

Талдау нәтижесі көрсеткендей, бұл топта тиімділігі жоғары (**77,6%**) 430 курс бар және осы тізімнен студенттер 168 курстың (**30,3%**) тиімділігін 5 ұпайға дейін бағалады.

Сонымен қатар 3- топта 7 пән бойынша ең төменгі көрсеткіштер тіркелді: олардың орташа ұпайы 1,5-ден 2,3 ұпайды құрады. Бұл көлік-логистикалық жүйелер, зоология, қазақ әдебиеті, математикалық талдау және дифференциалдық теңдеудер, математика мен информатиканы оқыту әдістемесі кафедраларына бекітілген курстар.

Қорытынды:

1. Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері студенттердің курстың тиімділігін бағалауда жеткілікті жоғары дәрежені- 4 ұпай, яғни, курстардың тиімділігіне студенттердің қанағаттанатынын көрсетті.

2. Бағалау нәтижелері бойынша респонденттердің саны аз топтарда біркелкі емес екенін атап өткен жөн: ең төменнен жоғарыға дейін. Шағын топтарда жеке курстардың тиімділігінің төмендеу тенденциясы анықталды (5 адамнан аз).

3. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тұрғысынан ЖБП, НП және БП циклдары курстарының тиімділігін студенттер бірдей деңгейде бағалады.

Сауалнама нәтижелерін ескере отырып, келесі ұсыныстар тұжырымдалды:

1. Сауалнама нәтижелерін назарға алу.
2. Кафедралар ОӘК-ң мазмұнын курстың мазмұнына сәйкес талдау.
3. Курсты оқу мақсатына жеткізу үшін, кафедралар шағын топтардағы оқу процесінің ерекшеліктерін ескеруі қажет (5 адамнан аз).
4. Курстардың тиімділігін арттыру үшін ОӘК-ң НП және БП-і бойынша тәжірибелік құрамдас бөлігін нығайту және болашақ кәсіби қызметте қажетті тәжірибелік дағдыларды күшейту.
5. Жұмыс оқу жоспарларына курстарды енгізу кезінде кафедралар олардың кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру процесіндегі өзектілігі мен маңыздылығын ескеруі қажет.

Есеп қысқартылған нұсқада ұсынылған